

Ж.А. ЖҰМАШОВА

ЖЕТІ АТА ТІРКЕСІМЕН КЕЛЕТІН ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ
АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

В данной статье рассматривается проблема перевода казахского реалия «жеті ата» (седьмое колено) и устойчивые фразеологические сочетания с словосочетанием жеті ата с казахского на английский язык. Для этого автор делает семантический, коммуникативно-функциональный анализ каждого фразеологизма. Результат, полученный из проведенного анализа позволяет сделать правильный перевод реалия жеті ата и других фразеологизмов с казахского на английский язык. Всего было переведено 7 фразеологизмов с несколькими соответствиями.

Makalede kazakların 'yedi ced' (jeti ata) olgusunun ingliz diline çeviri problemleri ele alınmaktadır. Ayrıca deyimlerin anlamsel, işlevsel ve kömünikatív tahlili yapılmaktadır. Bu tahlil goreninde de 'yedi ced' olgusunun degri çevirisinin yapılmasına imkan sağlanacaktır.

Bu makalede 7 deyim çevirilmiştir.

Аталмыш жұмыстың мақсаты - жеті ата тіркесімен қатар келетін тұрақты тіркестерінің дұрыс эквивалентпен аударылуы, яғни екі тілдегі тілдік айырмашылықтарды нормативке сай жоқ ету (нейтролизовать). Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен эквивалентті түрде аудару дегеніміз не деген сұраққа жауап берейік. В.Н.Комиссаровтың еңбегінде «Важнейшая задача теории перевода заключается в выявлении языковых и экстралингвистических факторов, которые делают возможным отождествление содержания сообщений на разных языках. Общность содержания (смысловая близость) текстов оригинала и перевода называется эквивалентностью перевода (оригиналу). Полностью или частично эквивалентные единицы и потенциально равноценные высказывания объективно существуют в ИЯ и ПЯ, однако их правильная оценка, отбор и использование зависят от знаний, умений и творческих способностей переводчика, от его умения учитывать и сопоставлять всю совокупность языковых и экстралингвистических факторов» [1. 47]. Яғни тілдік және экстралингвистикалық ерекшеліктерді ескере отырып, мүмкіндігінше тілдік бірліктің коммуникативтік қызметін сақтай отырып аудару тіл бірлігінің эквивалентін беру болып табылады.

Эквивалентті аударма көп жағдайда сөз, сөз тіркесінен ауқымдырақ көлемді құрылыммен, яғни мәтінмен жұмыс жасайды. Ал осы мәтіндерді дұрыс эквиваленттілікпен аударуда ең жиі немесе үнемі қолданылып отыратын бірліктерді сәйкес бірліктері деп атаймыз. В.Н.Комиссаровтың сөзімен айтқанда: «Единица ПЯ, регулярно используемая для перевода данной единицы ИЯ, называется переводческим соответствием этой последней» [1. 134].

Аудармашы ретінде біздің міндетіміз – аудармашылық сәйкестік жоқ болған жағдайларда ұтымды сәйкестік таба алу. Осы арада аталған мақсатқа

жету үшін қандай талаптарды орындауымыз қажет деген орынды сұрақ туындайды. Ол үшін біздің аудармамыз мынадай талаптарға сай болуы тиіс [2. 53]:

1. Коммуникативтік қызметі жағынан аударылушы тілге қатысты эквивалентті болу;
2. Семантикалық-құрылымдық жағынан мүмкіндігінше бастапқы тілдің аналогы болуы қажет;
3. Аудармашылық түрлендірудің шегінен шығатын ауытқушылықтардан таза болу;

Сонымен, бірінші талап бойынша жеті ата тіркесінің коммуникативтік қызметі қандай деген сұраққа жауап береміз. Аудару кезінде осы жеті ата тіркесінің коммуникативтік қызметінің ерекшелігін ескере отырып аудару қажет. Әдеби-көркем тіркестердің коммуникативтік қызметі – тілдік реңкті байыту, тілді көркем ету, қабылдаушыға жеткізетін ақпаратты нақышты, бейнелі және көркем етіп жеткізу. Сол себепті аудару барысында мүмкіндігінше аударма аналогтың да осындай реңкке ие болуын ескеру қажет. Жеті ата тіркесінің коннотативті мағынасын аша білуге тиіспіз.

Екінші талап бойынша семантикасы сақталуы керек.

Үшінші талап бойынша аударма нәтижесі қисынды түрде түрленуі керек. Ендеше, біз аудару кезінде үшінші негізге сүйене отырып, сөзбе-сөз аударманың орнына семантикасы сай келетін басқа бірлікпен аудару аламыз деген түйін жасай аламыз.

Енді балама табу процесін қалай жүргіземіз деген сұраққа тоқталайық. В.Н.Комиссаров өз еңбегінде: «Процесс перевода включает, по меньшей мере, два этапа: уяснение переводчиком содержания оригинала и выбор варианта перевода» [1. 158]. Яғни бірінші кезекте тіркестің семантикасын немесе мағынасын өзіміз үшін ашып аламыз. Мағына дегенде аудармашы ретінде біз аударылушы бірлікке қатысты барлық фондық ілімді қамтып отырып айтудамыз. Екінші - сол мағынаға сай сәйкестікті табу, қажетті нұсқаны таңдау.

Сонымен, қарастыратын тіркес - *жеті ата* тіркесі. Жеті ата тіркесі сөздікте [3] — to the seventh generation баламасымен берілген. Алайда, жеті ата тіркесі сөзбе-сөз аударылғанда ағылшын тілінде экстралингвистикалық контексті мүлдем жеткізе алмайды. Экстралингвистикалық контекст дегеніміз: «*Ситуативный (экстралингвистический) контекст* включает обстановку, время и место, к которому относится высказывание, а также любые факты реальной действительности, знание которых помогает Рецептору (и переводчику) правильно интерпретировать значения языковых единиц в высказывании» [1. 142]. Қазақ ұлтында жеті ата тіркесінің қамтитын ауқымы кең, салтымызда, ұлттық ұғымымызда алатын орны ерекше. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жеті ата тіркесіне мынадай анықтама берілген: *Жеті ата* – Арғы ата, ата-баба [4. 202]. С. Кенжехметұлының «Жеті қазына»

кітабында «Жеті атаны таратып айтқанда былай болады: бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата және тағы бір түрі: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, жекжат» [5. 33], - деп берілген. Ал қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде: *Жеті ата*. Арғы ата, ата-баба. Қазақтың ескі рулық жігінде ата, аталастық негізгі орынға ие. Бір кісіден тараған аталас қауым жеті атаға жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, бұдан былайғы жерде қыз алысып, қыз берісуге болған. Міне, осыдан «жеті атадан әрі ғана қыз алысу» заңы Тәукенің тұсында шыққан. Бертін келе алыс-жақындық өлшемі де осы жетімен өлшеніп, ислам дініндегі елдер, ең болмағанда, әр рудың жеті атасынан бергі шежіресін білуге міндетті болған. Жеті ата: бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата (Кенжеахмет Сейітұлы) және тағы бір түрі: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, жекжат т.с.с. Қырғыз халқында жеті атасының атын білмеген түпсіз құл боп саналған, алтайлықтарда жеті атадан кейінгі аталарының атын табу арқылы беріледі» [6. 202].

Ал ағылшындарда жеті атаға дейін қыз алыспау, жеті атаға дейінгі аталардың аттарын жатқа білу, жеті атаны білу жетелікті білдіру деген сияқты ұғымдардың бірі жоқ. Сол себепті ағылшын тілінде жеті ата тіркесіне сай ағылшын тілінде контекстуалдық ауыстырма аударма таба алмаймыз. Сондықтан аударманың бұл нұсқасын осы тіркеске қолдана алмаймыз. Калька тәсілін де бұл жерде қолдана алмаймыз. Сөз орайында кальканың анықтамасын бере кетелік: «Соответствия-к а л ь к и, воспроизводящие морфемный состав слова или составные части устойчивого словосочетания в ИЯ: *backbencher* - заднескамеечник». Ендеше сәйкестіктің үшінші түрі аналог-сәйкестік беріп көрелік. Соответствия-аналоги, создаваемые путем подыскания ближайшей по значению единицы ПЯ для безэквивалентной единицы ИЯ: *drugstore* «аптека, *witchhunter* » мракобес, *afternoon* => вечер [1. 148]. Жеті ата тіркесі көп жағдайда нақты санамаланған жеті ата мағынасында емес, ал жалпы ата-баба, арғы тек мағынасында қолданылатынына түсіндірме сөздіктегі анықтама дәлел бола алады. Сондықтан жеті ата тіркесіне *ancestors*, яғни ата-баба, арғы тек деген аналогтық сәйкестік бере аламыз. Бұл жеті ата тіркесінің бір контекстегі баламасы. Сонымен, жеті ата тіркесіне бір аналог аударма табылды.

Сонымен қатар, жеті ата тіркесі кей мәтіндерде өзінің деннотативті мағынасында да жұмсалуды мүмкін. Бұндай жағдайда жеті ата тіркесін біз эквивалентсіз тіркес, реалия қатарына қосамыз. Өйткені С.Влахов пен С.Флориннің анықтамасындағы «реалия белгілі бір халыққа тән тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің, тарихтың объектілерін айтатын сөз немесе сөз тіркесі» [7. 15], - деген анықтамаға сай келеді. Бұндай жағдайларға «В случае невозможности создать соответствие указанными выше способами для перевода безэквивалентного слова используется описание, раскрывающее значение безэквивалентного слова при помощи развернутого словосочетания» [1.149], - деп шешім береді.

Сол себепті жеті ата тіркесін аударудың тағы бір тәсілі сипаттай аудару тәсілі деп шештік:

Jemi ama – chain of seven great-grandfathers. Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains was very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their seven great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other.

Осы жасалған талдау нәтижесінде жеті ата тіркесіне бір ғана сәйкестік (единичное соответствие) емес екенін, бірнеше сәйкестік (множественное соответствие) бар екеніне көз жеткіздік. Нәтижесінде, жеті ата тіркесіне сөздікте мынадай аударманы беруді ұсынар едік:

Жеті ата – 1. Chain of seven great-grandfathers. Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains were very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their seven great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other; 2. ancestors 3. to the seventh generation;

Яғни бірінші кезекте жеті ата тіркесінің доминативті түрдегі аудармасы, екінші коннотативті түрдегі аналог аудармасы, ал үшінші сөзбе-сөз аудармасы берілді. Алайда сөздіктерде тіркестің өзіне ғана аударма берілумен шектелмейді. Осы тіркестерге мысал келтіріліп, бұл тіркеспен қатар жүруі мүмкін басқа да тіркестер аударылады. Сондықтан біздің ендігі мақсатымыз осындай тіркестер тізімін аудару.

Ендеше, қазақ тіліндегі жеті ата тіркесімен келетін біз талдайтын бірінші тұрақты тіркес – жеті ата жау. Жеті ата жау тіркесінің семантикасында жеті ата тіркесі күшейтпелі шырайда қолданылып тұр. Яғни бұл стилистикалық қызметте жұмсалып тұр. Сол себепті біз жеті ата жау тұрақты тіркесін аударғанымызда осы стилистикалық, коммуникативтік қызметін жеткізуді бірінші мақсат қыламыз. Әрине, жеті ата тіркесін сөзбе-сөз аударсақ, ол ситуативтік контекстіге байланысты ағылшын тілінде өз коммуникативтік қызметін бере алмайды. Сол себепті біз жеті ата деген тіркеске қазақ тілінде басқа жеңілрек синоним іздейміз. Бұл қас жау деген мағынаға сай келеді. Сондықтан қас жау тіркесінің ағылшынша сәйкес аудармасын қарастырамыз. Олар: arch-enemy, the worst/bitterest enemy, a most vicious enemy, implacable foe, fast foe dire foe, sworn foe, formidable foe. Lingvo электрондық сөздігінен қас жау тіркесіне сегіз түрлі балама берілген. Соңғы төрт тіркес - өлеңдерде қолданылатын экспрессивтік қызметі жоғары тіркестер. Бұл тіркестердің қай-қайсысының болсын экспрессивтік мағынасы жоғары болғандықтан ешбір тіркесті ескерусіз қалдырмаған дұрыс. Олар бір-

біріне синоним бола алады. Сондықтан жеті ата жау тіркесінің сәйкес баламаларын бірнеше нұсқамен береміз:

Жеті ата жау – 1. arch-enemy; 2 the worst/bitterest enemy; 3. a most vicious enemy; 4. implacable foe; 5. fast foe dire foe; 6. sworn foe; 7. formidable foe

Келесі тіркес – жеті ата, жеті түптен бері қарай. Жеті ата, жеті түптен бері қарай деген тіркестің тура мағынасы ертеден, бұрыннан, ежелден деген мағынаны береді. Яғни бұл жерде де жеті ата тіркесі ескілікті асырмалы шырай мағынасында жұмсалып тұр. Сонымен бұл тұрақты тіркесті семантикасы ескіден, бұрыннан дегенді, ал коммуникативтік мақсаты ескілікті күшейтпелі шырай ретінде асырмалы түрде айту болып табылады. Сондықтан сөздіктен ежелден деген сөзге балама іздейміз. Сөздіктен мынадай баламаларды таба аламыз: seven years ago; from way back, from time immemorial, since Adam was a boy, since ancient times, of yore, from of old, since olden times, from the earliest times, at all times; from of old; long since. Енді осы баламаларды қарастырып көреміз. Seven years ago баламасы қазақ тіркесіне ұтымды балама бола алады. Бұл баламалардың арасындағы of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial деген баламалар архаизм сөздер болып табылады. Ал from time immemorial, since olden times поэзия тілінде қолданылады. Мына баламалар ауызекі сөйлеу стилінде қолданылады: from way back, for ages. Және жоғарыдағы баламаларды ішіндегі стилистикалық жағынан ең ұтымды болып саналатын тұрақты тіркесті балама - since Adam was a boy аудармасы. Бұл тіркестің коммуникативтік қызметі қазақ тіліндегі жеті ата, жеті түптен бері қарай тіркесінің қызметімен бірдей. Сондықтан осы баламаны аналог ретінде алсақ, жаңылыспаймыз. Осы жерде айта кететін бір жәйт қазақ тілінен тікелей аудару арқылы мынадай балама алуға болады - since earliet times. Алайда бұл балама дұрыс болмайды. Өйткені ағылшынша бұл тіркес мәңгілік, ылғи, әрқашан деген мағынада жұмсалады. Енді аталған баламаларды өз ерекшеліктеріне қарай мынадай ретпен бергенді дұрыс санадық: Жеті ата, жеті түптен бері қарай – 1. \diamond since Adam was a boy 2. since ancient times, at all times; from of old; 3. *поэз.* from time immemorial, since olden times; 4. *архизм.* of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial 5. *ауызекі* from way back, for ages;

Ендігі тұрақты тіркестеріміз - жеті атасына бітпеген және жеті атасынан түк көрмеген. Бұл екі тіркесті қатар алған себебіміз екеуінің мағынасы бірдей. Мағынасы негативті, сіңірі шыққан кедей дегенді білдіреді. Сөздіктен кедей, жарлы деген сөзді іздейміз. Нәтижесінде адамға материалдық кедейлігін білдіретін мынадай 6 баламалар табылды: poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper. Бірақ стилистикалық тұрғысынан ұтымды болуы үшін мына тұрақты тіркесті балама ретінде алғанымыз дұрыс болады: poor as a church mouse – шіркеудің тышқаны сияқты кедей. Бұл тіркес те қазақ тіліндегі тіркес сияқты күшейтпелі мағынада қолданылып,

өзінің коммуникативтік мақсатын жақсы орындай алады. Сонымен бізде мынадай қатар шықты: Жеті атасына бітпеген, жеті атасынан түк көрмеген – 1. \diamond poor as a church mouse 2. poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper

Келесі тіркес – жеті атасынан қара көк тіркесі. Бұл тіркес алдыңғы тіркестерге қарама-қарсы мағынада өте бай, шіріген бай деген мағынаны береді. Оған ағылшынша мынадай балама беріледі: rich. Асырмалы шырай мағынасында болуы үшін very rich деп аударуымызға болар еді. Алайда, бұл жеті атасынан қара көк тіркесіне тым қарапайым балама болар еді. Сондықтан өте бай деген сөздердің баламаларын қарастырайық: passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do. Сонымен, осы тіркесті жоғарыдағы баламалармен береміз: жеті атасынан қара көк - passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do.

Мына тіркестің мағынасы алдыңғы тіркеске жақын: жеті атасын мал өлтірген. Бұл да - жағымсыз мағынада қолданылатын тіркес. Әбден ақшаға құнығып алған деген мағынаны білдіреді. Ол тіркеске мынадай баламалар табылды: жеті атасын мал өлтірген – 1. greedy for money 2. money-bags

Соңғы жеті ата тіркесімен қатар келетін тіркес – жеті атасын білмеген мұрт. Бұл тіркес нағыз қазақи тіркес деп айта аламыз. Өйткені жоғарыда атап өткеніміздей жеті атаны білу құндылығы тек қазақ ұлтына ғана тән ұлттық ұғым болып табылады. Бұл экстралингвистикалық контекстен хабарсыз өзге ұлт өкілдері осы тіркестің мағынасын түсінуі қиынға соғар сөзсіз. Қазақ халқы жеті атасын білмеген адамды қадірлемей, жетесіз деп атаған. Мұрт сөзі құл мағынасында жұмсалып, қорлау мақсатын одан сайын үдете түседі. Бір сөзбен бұл тіркесті жетесіз, жетім деген мағынада қарасақ болады. Зерделеу нәтижесінде мына баламалар осы тіркесті ауыстыра алады деген шешімге келдік: жеті атасын білмеген мұрт – rootless, kinless. Алайда қазақ халқында шежірені білудің маңыздылығы ағылшын мәдениетінен жоғарырақ болғандықтан, қазақ мәдениетінің өкілі бұл тіркеске қатты ренжіп, көңіліне алады. Шынымен-ақ оны қорлайды. Ал ағылшынша жетесіз деген сөз ренжітуі шамалы. Сондықтан тіркестің коммуникативтік мақсатын жеткізу үшін worthless, contemptible, despicable деген сөздермен аударғанымыз дұрыс болады. Алайда, сөздікте біз бұл аударманы ұсына алмаймыз. Бұл аудармалар аудармашының жеке шығармашылық, тапқырлығына байланысты қолданылуы мүмкін. Немесе одан басқа да адамды қорлау мақсатында жұмсалатын ағылшын тіліндегі ауыр сөздермен беруге болады. Бұл – тек әр аудармашының жеке талғамына байланысты шешілетін мәселе. Ал біз сөздікке баламаны былай беруді ұсынамыз: жеті атасын білмеген мұрт – 1. rootless, kinless

Сонымен, жеті атамен келетін тіркестер аударылды:

1. Жеті ата – 1. Chain of seven great-grandfathers. Amongst Kazakhs marriages till seventh generation were not allowed. Therefore the significance of knowledge of all seven great-grandfathers chains were very important. Those who do not know them were recognized as kinless and rootless and were not respected

amongst others. This custom is still actual and even nowadays Kazakhs ask the names of their seven great grandfathers as the way of examining each other while introducing with each other; 2) ancestors 3. to the seventh generation;

2. Жеті ата жау – 1. arch-enemy; 2 the worst/bitterest enemy; 3. a most vicious enemy; 4. implacable foe; 5. fast foe dire foe; 6. sworn foe; 7. formidable foe

3. Жеті ата, жеті түптен бері қарай – 1. Seven years ago; 2 since Adam was a boy 3. since ancient times, at all times; from of old; 4. *нозз.* from time immemorial, since olden times; 5. *архам.* of yore, from of old, since olden days, from the earliest times, from time immemorial 6. *ауызекі* from way back, for ages;

4, 5. Жеті атасына бітпеген, Жеті атасынан түк көрмеген – 1. \diamond poor as a church mouse 2. poor; destitute, indigent; beggar, mendicant, pauper

6. Жеті атасынан қара көк - passing rich, well-to-do, well-off, wealthy, affluent, well-to-do. жеті атасын мал өлтірген – 1. greedy for money 2. money-bag

7. Жеті атасын білмеген мұрт – 1. rootless, kinless

Осы баламалардың ішінде ешқайсысы сәйкестіктің бірінші түріне сай келмейді. Өйткені бірінші түр бойынша аударылушы бірліктің барлық қырынан өз қалпын сақтай алуы керек. Бірінші кезекте тұрақты сөз тіркестерін аудару барысында тіркестің тура мағынасын емес, ауыспалы немесе көркем образды мағынасын аударуымыз керек. Сол себепті егер жеті атаны аудару кезінде тура мағынасымен аударсақ, ағылшын тілділер мүлдем тұрақты тіркестерді түсіне алмайды. Бірақ екінші түрге сәйкес келетін аудармалар жасалынды. Олар: Жеті атасынан қара көк - money-bag; Жеті атасына бітпеген, Жеті атасынан түк көрмеген - poor as a church mouse; Жеті ата, жеті түптен бері қарай - since Adam was a boy. Қалған жағдайларда сәйкестік берудің үшінші түрі қолданылды. Алайда бұл аудармалар тіркестердің ұлттық-этникалық бөлшегін жеткізе алмайды. Өздерінің коммуникативтік қызметін жеткізуі осы кемшілікті толықтыра түседі. Бұл баламалар сөздік жасауда өз үлесін қоса алады деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. - М.: Высш. шк., 1990. - 253 с.
2. Латышев Л.К., Семенов А.Л. Перевод: Теория, практика и методика преподавания. - М.: АСАДЕМА, 2003. - 192 с.
3. АBBYU Lingvo 9.0 Многоязычный электронный словарь. Выпуск 9.0.2.76. Артикул 3564. 2003 АBBYU Software
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Қаз ССР Ғылым акад. Тіл білімі ин-ты; [Ред. коллегия: І. Кеңесбаев, А. Ысқақов (жауапты ред) ж.б.]. – Алматы: Ғылым, 1978. – 672б.
5. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына. 1-кітап. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 136б.
6. Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Т. 1-2./Ред.: Ысқақов А., Әмірәлиев, Қ. – Алматы: Ғылым, 1997. –712б.
7. З. Влахов С.С., Флорин С. Непереводимое в переводе М.: Международные отношения, 1980. – 215с.

REZUME

ZHUMASHOVA Zh.A. (Almaty)

PROBLEM OF TRANSLATION OF STABLE PHRASES INTO ENGLISH WITH A
COMBINATION OF 'ZHETI ATA'

The article analyzes the problem of translation of realy 'zheti ata' and idioms with word-combination zheti ata from Kazakh into English. In order to give the right equivalent in English the author had made semantic and communicative-functional analysis of each idiom individually. The results of the analysis let to make the right translation of word-combination жеті ата and the other idioms from Kazakh into English. Altogether were translated 7 idioms with several accords.